# В НОМЕРЕ:


4 Отбасы тәрбиесі

9 Тайм-менеджмент

10 Как провести лето с пользой



ГАЗЕТА ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТНОЙ ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ

# Твой Мир

сенің әлемің

№№9-10
(390-391)
от 31 мая
2023 года


## Халықаралық балаларды қорғау күні құтты болсын!












Твой Мир
сенің әлемің
№№9-10
(390-391)
от 31 мая
2023 года



# Победители из г.Аксу

Эти юные акробаты - воспитанники кружка по акробатике студии «Грация» Детского Дома Творчества. В апреле текущего года они представили Павлодарскую область, а именно наш родной город Аксу на международном конкурсе-фестивале «TURKESTAN FEST», который проходил в Туркестане. В конкурсе приняли участие многочисленные хореографические коллективы с разных городов. Жюри конкурса оценило северо-казахстанских танцоров по достоинству, отметив технику исполнения, хореографию, артистизм. Юные акробаты под чутким руководством тренера Ярополовой Ирины Николаевны пополнили копилку достижений. Они представили 3 номера и покорили жюри. В результате - 1 гран-при, первое и третье места. Руководителю была вручена именная статуэтка «Лучший педагог» и денежный сертификат.

Для самих же юных артистов этот конкурс-фестиваль стал ярким событием и принес много впечатлений и опыта. Ежедневные тренировки, преодоление трудностей и радость побед. Танец для каждого участника этого ансамбля - жизнь. Дети посещают кружок около трех лет. Некоторые из танцоров начали познавать искусство танца с самых малых лет. Например, Александрова Ангелина танцует уже пятый год. «Каждый конкурс заряжает на новые достижения»,- говорит девочка.





В копилке - немало побед как на международных, так и на республиканских конкурсах. В мае ансамбль представит отчетный концерт. А пока - тренировки.

Мы, родители воспитанников ДДТ выражаем педагогам глубокую благодарность за наших детей, за вклад в их развитие и достижение успехов. Желаем нашему тренеру Ярополовой Ирине Николаевне творческих побед!

***С уважением, родители студии «Грация»***



# Кролики и выпечка



У нас в семье занимаются выпечкой мама, папа и я. Обычно тесто делает мама, папа любит запекать в духовке. А я вот люблю печь торты (бисквиты) и кексы. Я больше всего люблю украшать торт и смешивать ингредиенты. Когда я украсил торт, он немного постоит, пропитается, (так говорит мама) а потом мы всей семьёй пьем чай.

Обычно мы печем по воскресеньям. У меня два хобби - кролики и выпечка. А ещё я хорошо делаю вареники, пельмени, манты, помогаю маме печь пирожки. У меня это хорошо получается.

На завтрак готовлю омлет и кормлю младшую сестру Аню. Аня с радостью ходит в садик.

А вот кролики мои живут в сарае. У них большие клетки. Я кормлю кроликов, воду наливаю, траву приношу.

Вот такие мои увлечения.

***Сережа Лэсь,4 б класс Павловская СОШ Успенский район***

# Мой любимый Том

Я считаю, в каждом сельском доме должен быть кот или кошка. А почему? Потому что они домашние талисманы.

В нашем доме тоже есть коты. Их два. Они мои любимые животные.

Я расскажу Вам про своего любимца. Мой кот Том появился 3 года назад. Сейчас это красивый черный котик.

Котик любит людей. Если кто-то грустит, Том придет и будет ласкаться, чтобы перевести настроение на себя. Он у нас добрый. Любит, чтобы его гладили. А вот спать и отдыхать Том будет, лёжа на хозяине, или пойдет спать на пледе на диване.

Когда Тому ставят еду, он ласкает ноги того, кто его кормит. Когда Том просится в дом, то стучит лапой по двери.

Том любит бегать за верёвочкой, ловит мышей. Ест сухой корм.



Зимой Том откопал в снегу птицу и принес домой. И это было настоящее чудо. Птица до сих пор жива.

Вот такой интересный наш Том. Мы его очень любим.

***Артем Гуляев, 7 б класс Павловская СОШ Успенский район***

# Моя любимая школа

Школа занимает особую роль в жизни каждого ученика. Мы здесь учимся, развиваемся. Каждое утро нас встречает классный руководитель. Она учит нас дружить, помогать друг другу, быть добрыми.

Я учусь в средней общеобразовательной школе имени Мухтара Ауэзова. В этом году я заканчиваю 4 класс. Мне не хочется прощаться со своей учительницей Рахимбековой Айсулу Толеухановной. Я пришел к ней во 2 классе и сразу подружился со всеми одноклассниками. Наш класс очень дружный. Каждый ученик моего класса талантливый и умный. Мы стараемся принимать участие в каждом мероприятии нашей любимой школы, и я не пропускаю соревнования по тоғызқұмалақ. За каждым достижением ученика стоит огромная поддержка учителя. За мои достижения в учебе и в спорте меня определили в Аллею звезд нашей школы.

Моя школа очень красивая. Она большая и светлая. Вокруг школы высажено много разных деревьев. Во дворе школы установлены скамейки и детские площадки.



У нас светлые и современные кабинеты. А еще есть библиотека, в которой собраны самые разные книги на любой вкус. Атмосфера школы обеспечивает отличный настрой на учебу. А мое самое любимое место - это столовая. Там всегда самые свежие и вкусные булочки. После уроков мы бежим к воротам, где нас всегда ждут наши родители.

Мне очень нравится учиться и проводить время в школе. Ведь каждый день проведенный здесь, это новые знания и какое-нибудь приключение. Я очень рад, что являюсь учеником именно этой школы.

***Беркут Мирас, 4 «В» класс СОШ им.М.Ауэзова***

Газета Павлодарской областной детско-юношеской организации
Твой Мир
сенің әлемің
№№9-10
(390-391)
от 31 мая
2023 года

# Танец - духовный вестник мира

В день единства мы вспоминаем о том, что благополучие, спокойствие и порядок в нашей стране зависят от всех народов, всех культур, даже самых малых. Дружба между народами и их сплоченность – это залог единства страны. День единства народов Казахстана стал замечательной традицией нашего многонационального народа, символом мира и согласия.



27 апреля учащиеся 5-7 классов собрались в празднично украшенном актовом зале школы на фестивале, проводимом в рамках Международного дня танцев и посвященном Дню единства народа Казахстана. Готовясь к фестивалю, каждый класс собирал информацию о культуре выбранных ими народов, проживающих на территории Республики Казахстан, и подготовил национальный танец. Это праздник дружбы, понимания и согласия, которые так необходимы для мирной жизни в стране, где проживают более 130 наций и народностей. Концертная программа открылась греческим танцем «Греческие мелодии» в исполнении танцевальной группы 5 «А» класса. Татарский танец в исполнении девочек 5 «Б» класса глубоко раскрыл суть праздника и показал яркие краски нерушимой дружбы казахстанцев. Затем с поздравлениями выступили азербайджанцы со своим зажигательным танцем в исполнении 6 «А» класса. В ходе праздничной встречи задушевными молдавскими мелодиями порадовали зрителей учащиеся 6 «Б» класса. С еврейским танцем «Хава нагива» они создали хорошее весеннее настроение. Учащиеся 7 «А» показали польский танец «Кроковяк», а учащиеся 7«В» класса - танец узбекского народа. Особый тандем красоты и таланта произвел русский народный танец «Сударушки», подготовленный учениками 7 «Б» класса.

Яркая палитра народных композиций на сцене сменялась современными мелодиями. Красота, да и только! Сколько фантазии, выдумки, находчивости у танцоров! Увидев на сцене такое произведение искусства, публика скандировала: «Браво!». Общая концепция фестиваля: танец - это посол мира, духовный вестник, сплачивающий народы Казахстана. Пусть и дальше процветает наша родина, в которой сплоченность, мир, дружба, толерантность и согласие всегда являлись основой благополучия и процветания нашего государства.

***Утюпова Шнар Егимбаевна,***
***учитель истории***
***Мичуринской СОШ***

# День Единства народа Казахстана




В Мичуринской школе прошел праздничный концерт, посвященный Дню единства народа Казахстана. Ответственными за проведение мероприятия были классные руководители 4 классов Исабаева Л.Х. и Рыбалко А.И. Учащиеся начальной школы были все в разных национальных костюмах. Мероприятие открылось исполнением учащимися 3 «Б» класса стихотворений о мире и единстве народов. Учащиеся 1 «Б» класса исполнили песню «Родина», под единым шаныраком они показали многонациональный Казахстан. Праздник продолжили учащиеся 2 «А» класса с танцем «Полька». Учащиеся 2 «Б» класса подготовили казахский танец, следом вышли зажигательные узбечки 3 «А» класса, которые покорили сердца зрителей. Ярко выступили девочки 2 «А» класса, которые танцевали японский танец. А вот изюминкой нашего концерта стали учащиеся 4 «А» класса, которые не просто станцевали индийский танец, а инсценировали его. Завершили концерт учащиеся 4 классов песней «Туған жер». Концерт прошел на отлично, все хорошо подготовились! Спасибо всем учителям начальной школы!

***Рыбалко Анжелика,***
***учитель***
***начальных классов***

# Мы всегда в строю

В Пресновской СОШ Павлодарского района прошел смотр песни и строя. Мероприятие направлено на воспитание чувства гражданственности и патриотизма, военно-патриотическое воспитание молодежи. Строевое обучение дисциплинирует, вырабатывает исполнительность, собранность, опрятность и строевую выправку, имеет важное значение для подготовки учащихся старших классов к службе в ВС РК.

Смотр прошел на свежем воздухе. Командирами отрядов были назначены старшеклассники. Каждый класс демонстрировал свои навыки и умения прохождения строевым шагом, прохождение с песней, выполнение строевых команд. Подготовку и общее руководство смотра осуществлял преподаватель-организатор НВТП Лучкин Леонид Леонидович. Главными судьями выступили библиотекарь села Омарова Марьям Алимовна, директор школы Ташенова Гапура Идрисовна.




Основными критериями оценки участников были: внешний вид, дисциплина строя, четкость и правильность подачи и выполнения команд, качество исполнения песни.

По окончании смотра объявили результаты. Командиров отрядов и всех участников поблагодарили за службу.

***Лучкин Леонид Леонидович,***
***преподаватель-организатор***
***НВТП***

# Факельное шествие

Понедельник. 8 Мая. Вечер. Сегодня состоится Факельное шествие. Мы с дядей, красивые и нарядные, пошли на Факельное шествие. Есть такая традиция - 8 Мая зажигать Огонь славы возле памятника погибшим односельчанам. Традиция красивая, многолетняя

Пришли мы рано, 20.10 минут, хотя всех пригласили на половину девятого вечера. Стали подходить взрослые и дети. Учитель НВТП Королев Ю.Г. построил нас возле Дома культуры. В руках были свечки. Я принесла с собой свечку, которую положила в бутылку, а на дно бутылки положила соль. У кого-то был рис. Чтобы сгоревший воск не стал коптить в бутылке.

Факельное шествие. Мы прошли от клуба до обелиска. А потом была Минута молчания. Бакулина Л.В. и Темирканова Аделия спели военные песни. Огонь славы зажёг односельчанин Донец В.В. Звучали слова ведущей Орумбаевой Б Т. Они так и брали за душу.

Обещали салют в 22.00 часа. Но прозвучал салют раньше. За клубом поднимались вверх фейерверки. Было очень красиво. Спонсор салюта – отец многодетной семьи, руководитель КХ «Степанищев» - Степанищев Е.Ж. Спасибо Евгению Жориковичу за салют, за нашу радость. Потом мы фотографировались.

Настроение было хорошее, приподнятое.



На Факельное шествие пришли взрослые, дети, школьники, студенты. Мероприятие прошло интересно.

***Ясмин Жұмабай, 7 а класс***
***Павловская СОШ***
***Успенский район***

# Мы помним, мы гордимся!

Много мероприятий в рамках месячника по патриотическому воспитанию прошло в Пресновской школе с 9 апреля по 9 мая. Классные часы, викторины, конкурсы чтецов, смотры стоя и песни, конкурс песен военных лет, конкурсы рисунков. Дети принимали активное участие во всех мероприятиях.

9 мая состоялась торжественная церемония возложения венков к памятнику погибших войнов. Жители села, учителя и учащиеся школы почтили память павших минутой молчания, отдали дань уважения погибшим на фронте землякам. Учащиеся 1-8 классов исполнили праздничный флешмоб, посвященный Дню Победы. Старшеклассники изготовили и возложили венок, а также несли караульную службу у памятника.

На празднике присутствовали труженики тыла Полхович М.П. и ветеран педагогического труда Осипов А.Д. Неожиданностью стало прибытии гвардии казаков из села Песчаное, чтобы отдать должное героям войны села Пресное (бывший Авангард) и почтить их память.

Для жителей села это не только праздничный день, но еще и день памяти, глубокого уважения и благодарности всем, кто приближал Великую Победу.

***Потанина Лариса Павловна,***
***ЗДВР Пресновсой СОШ***

Газета Павлодарской областной детско-юношеской организации
Твой Мир
сенің әлемің

№№9-10
(390-391)
от 31 мая
2023 года

# Әжем – мейірім шуағым

Отбасымызда ең қадірлі жанымыз - 6 баласы, 11 немересі бар, 72 жасқа келген Күнсулу әжем. Әжем -ұлттық киімнің түр-түрін сәндеп киетін жан. Бір отбасының ғана емес, әулеттің ұйытқысы, ағайын арасындағы ауыз бірлігін сақтап,әр кезде үлкен-кішіге қамқорлық танытып,ақыл-кеңесін беріп отырады.Демалыс уақытында қалаға ұзақ уақыт бойы бармай қалсам,әжемнің ыстық бауырсақтары мен айналайын деп еркелетіп,елжіреп маңдайымнан сипағанын қатты сағынып отырамын. Әжем әрдайым кез келген жанға қол ұшын соза біледі. Ал маған «қолыңнан келген көмегіңді аяма», «біреуге жақсылық жасау-сауапты іс» деп ақыл-кеңесін үнемі құлағыма құйып отырады. Ал әжемнің айтатын ертегілері мүлдем ерекше, ұйып тыңдай бергің келеді... Қиял қанатыңа мініп алып, құс болып көкке де ұшасың, көк теңіздің ортасын да кешесің, асқар таудың мұз шыңын да басасың.... Осындай сегіз қырлы, бір сырлы әжемді мақтаныш тұтамын.

***Кулышев Диас***
***5 сынып оқушысы***
***№33 жалпы орта білім беру мектебі***
***Ленин кенті***

# «Нағыз әже қайда?» әңгімесінен туған ой...

Мен 5-ші сынып оқушысымын. Біз қазақ әдебиеті пәнінен Нұрдаулет Ақыштың «Нағыз әже қайда ?» әңгімесін оқыған кезде мен әжем туралы ойлап, терең ойға шомып кеттім... Әжем-үнемі ұлттық киім киіп, ертегінің, әңгіменің майын тамызатын жан. Әжемнің аты – Орынбасар, жас кезінде құрылыста сылақшы болып отыз жыл жұмыс істеген, одан кейін наубайханашы, күні-түні нан пісіріп еңбек ете жүріп, төрт баласын тәрбиелеп,үлкен азамат қылып өсірген. Бүгінде әжем - сегіз немеренің ортасында отырған зейнеткер жан. Шаңырағымыздағы аяулы әжемізді бәріміз сыйлаймыз, айтқанын екі етпейміз. Сонымен қатар әжемнің қолы шебер-ақ, нағыз сегіз қырлы жан. Әртүрлі жейде, қалпақ, шұлық тоқып қана қоймай, біздерге үйретеді. Қолы бос уақытында гүл отырғызып, үйдің іші -сыртын жайнатып қояды, әрине әрқашан қасында томпаңдап біз жүреміз... Осындай әжемізден тәлім-тәрбиенің нәрін, мейірімнің шуағымен сусындап жатқан отбасымыздың әрбір жанның нағыз бақыттың иесі деп айтуға болады. Мен әжеммен мақтанамын!

***Зейнова Айзара***
***5 сынып оқушысы***
***№33 жалпы орта білім беру мектебі Ленин кенті***

# Отбасы тәрбиесі

Отбасы - адамзат қоғамының шағын бейнесі. «Ал, қазақ, ел болам десең, бесігіңді түзе», - деп ұлы Мұхтар Әуезов айтқандай,бала тәрбиесінің негізі отбасынан басталады. Ұлттық әдеп, мінез - құлық балаға ананың ақ сүтімен бойына там-тұмдап,қорғасындай балқытып сіңеді. Ата - ананың тәлімі мен өнегесінен ештеңе теңесе алмайды. «Балапан ұяда не көрсе, ұшқанда соны іледі» — дегендей, есі кіріп, тілі шыға бастасымен ақ әр қазағымның қара шаңырағында баланы байсалды, ұғымпаз, тіл алғыш етіп тәрбиелейтіні сөзсіз. Әр адамға өзінің отбасынан қымбат ештеңе жоқ. Өз отбасым туралы айта кетсем, олар- мейірімді және бір-біріне көмек қолын созуға әрқашан дайын жандар.

«Ата – асқар тау, ана- бауырындағы бұлақ, бала - жағасындағы құрақ» демекші, әкем отбасымның тірегі,анам баласы үшін түн ұйқысын төрт бөлген мейірімді жан,ал ағаларым болса қамалдай қорғаным. Әрбір мен секілді жас жеткіншек өмірдің дұрысы мен бұрысын, жақсы мен жаманның арасын пайымдай алу үшін , күнделікті ата-ананың іс –әрекетінен өнеге,үлгі алып, отбасындағы сыйласымдылық пен бір-біріне деген сүйіспеншілік,құрметтің куәсі болуы керек. Халқымның сөзбен айтып емес,қыл қобыздың шегіндей сызылтып тарта білген тәрбиесінің қайнар көзі де отбасында. Әкенің қабағынан, ананың мейірімінен өнеге алып жатқанымен мен үшін бақыт.

***Қабдырова Толғанай***
***6 сынып оқушысы***
***№ 33 жалпы орта білім беру мектебі Ленин кенті***

# Отбасым- жан шуағым

Шаңырақ-адамның қорғаны,
Әке- асқар тау панасы.
Ана-мейірім шуағы,
Бала- үйдің шамшырағы.

Адамға ең қымбат қазына-
отбасы,
Мәңгілік байлық- нағыз
татулық.
Сәби күлкісі сылдырлап,
Шаңыраққа толсын ұрпақтар.

***Бердихожаұлы Рамазан***
***6 сынып оқушысы***
***№33 ЖОББМ***
***Ленин кенті***



# Отбасым - алтын діңгегім

Әрбір жанның отбасы бар. Отбасы-сыйластық, жарастық, татулық орнаған орта. Ал отбасының басты қазығы, қуанышы бала. Мен өзімнің жанұяммен мақтанамын. Себебі, қара шаңырағымызда ақыл айтар ақ кимешекті әжем, асқар



тау әкем, үлгі тұтар анам, сонымнан томпаңдап ерген Аңсар есімді тәп-тәтті, кішкентай болса да ақылы таудай бауырым бар. Ата-анам-еңбекқор жандар. Мен үнемі анама қолғабыс етіп ас үй жағын дөңгелетсем, ал інім әкемнен түз шаруасының қыр-сырын үйренеді. Біздің отбасымызға өзімізге ғана тән кішкентай салт-дәстүріміз де бар. Туған күнде немесе жарыстарда жетістіктерге жетсек, ақ дастарханымызды шын пейілмен жайып, ағайын-тустарды қуанышқа ортақ қыламыз. Бұл туған-туыстардың бір-біріне татулығын, қамқорлығын, сүйіспеншілігін шындай түсетіні сөзсіз. Кей отбасыларында әжесі немересімен, анасы қызымен, әкесі ұлымен сырласып, ақыл айтпайды... Ал бізде бәрі керісінше, мен анаммен сырласып ақылын тыңдап жатқанда, әкем бауырыма жаман мен жақсыны, үлкенді сыйлау, кішіге қамқорлық көрсету секілді тәлім- тәрбиелік маңызы бар әңгімелер айтады. Әжем құрақ көрпе сырып, тоқыма тоқып, ыңылдап әнің де айтып қойып,бізге мейірімді жүзімен сүйсіне қарап отырады. Міне, әр шаңырақтың бақыты деген осы емес деп кім айта алады... Қолда бар алтында қадірлеп, отбасын бағалай білейік!

***Нұрмағамбет Лунара***
***6 сынып оқушысы***
***№33 жалпы орта білім беру мектебі***
***Ленин кенті***



ОТБАСЫ ТӘРБИЕСІ

Газета Павлодарской областной детско-юношеской организации
Твой Мир
сенің әлемің
№№9-10
(390-391)
от 31 мая
2023 года

МЕКТЕП ТЫНЫСЫ

# «Қош бол, бастауыш»

Бастауыш сынып – мектеп қабырғасындағы жылдардың бастамасы. Бұл уақыт отбасы мен ата-анасынан алғаш жырақтап, өзге ортаға сіңісуіне ыңғай танытатын кезі. Әлі ештенені толық түсінбей, еркелігі басылмай, көзі жәутеңдеп апайының әр сөзін мұқият тыңдап отыратын балғын балапан шақ. Уақыт өте апай қолға қалам ұстатып, әріп пен сандарды жаттатқызып, оқу мен ілімге деген қызығушылықты арттырады.

Бұл оқу тамақ болар қарны ашқанда,
Жол табар қараңғыда адасқанда .
Мал озбас біле білсең білім озар,
Ақыры керек болар бір сасқанда – деп Міржақып ақын айтпақшы , тарыдай болып кіріп, ақыл ойлары толысып, оң мен солын танып жақсы мен жаманды айыра білуді үйренген шәкірттеріміздің ұйымдастыруымен өткізілгелі отырған « Қош бол, бастауыш» мерекесі Кеңес негізгі мектебінде де аталып өтті.



Бүгінгі күн ерекше күн. Оның ерекшелігі сол, осыдан 4 жыл бұрын мектеп табалдырығын жүрексіне аттаған балалар білімнің негізі болатын бастауышта оқып, білім алып, қанаттарын қатайтып бастауыш сыныппен қоштасқалы отыр. Бастауышта алған білімдері мен бар өнерлерін ортаға салған бүлдіршіндеріміз өз ұстаздары мен ата-аналарына да өз алғыстарын білдіріп, өлең жолдарын арнады. Бастауышпен қоштасқалы отырған оқуда үздік, мектеп белсінділері жан-жақты оқушыларымызға алдағы қадамдары сәтті юолып әрқашан биіктерден көріне беруге тілектеспіз.

*Нурзат Бауыржанқызы*
*Кеңес негізгі мектебі*
*Бастауыш сынып мұғалімі*

# Кітап-баға жетпес мұра

Кітап- алтын қазына. Әр оқушы үшін кітап оқу сөздік қорды байытып, жаңа заттарды үйренуге мол мүмкіндік береді. “Күш-білімде, білім-кітапта” деген сөз бекер айтылмаған. Менің ойымша, кітап оқыған адам өте білімді әрі биік белестерге жете алатын тұлға ретінде танылады.

Осы орайда, оқушылардың әлеуетін ашу аясында біздің мектебіміз “Оқуға құштар” атты жобаны ұйымдастырды. Мектеп қабырғаларында әр апта сайын кітап оқуға арнайы уақыт бөлінеді. Осы жоба арқасында мен “Үш аю”, “Шұбар тауық”, “Түлкі бике мен қасқыр”, “Маугли”, “Қызыл телпек” сияқты кітаптарды оқып шықтым. Бұл ертегілер болғасын менің сөздік қорымды және қиялымды дамытады. Әртүрлі танымал авторлар еңбектерінде қызықты әңгімелерді қосу арқылы оқуды тартымды етеді. Соның арқасында әсіресе балалар ақ пен қараны ажыратып, жақсы заттарға үйренеді.

Негізінен өзімнің тәжірибем бойынша кітап оқуды жақсы әдетке айналдыру керек. Осындай әдетті ұстанатын адамдардың болашағы ашық әрі зор болады. Күнделікті кітап оқу менің керекті ақпаратты тез түсініп, жадымды жақсартады. Сонымен қатар мағынасы терең кітаптар адамның ішкі жан дүниесін аша отырып, өмірге басқа көзқараспен қарауға итермелейді.

Кітаптың берер тәрбиесі де көп. Достық, қайырымдылық және т.б тақырыптарға назар аудартып, адамдардың өмірлік тәрбиесіне арқау болып, ақыл-кеңес береді. Осылайша, адамдардың дүниетанымы кеңейеді. Кітаптардың пайдасы мол екені сөзсіз. Сондықтан да әр адам осындай әдетті бойларына сіңіру керектігін жөн көремін.

***Дауленов Муслим***
***«Мәшһүр Жүсіп атындағы жалпы орта білім беру мектебі»***
***1 «Ә» сынып оқушысы***

# « Қош бол, даярлық»

Мектебімізде «Қош бол, даярлық» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мектепалды даярлық сыныбының жыл бойы алған білімінің,үйренген жұмыстарының нәтижесін көрсету,балалардың сөздік қорын,тілін,ой өрісін, кеңейтіп дамытумен бірге оларды Отансүйгіштікке, бауырмалдыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу болды. Мерекелік іс-шара барысында бүлдіршіндер өз білімдері мен өнерлерін ортаға салып келген ата-аналары мен ұстаздарына керемет көңіл сылады. Қыркүйек айында мектеп табалдырығын аттап 1-сыныпқа қадам басқалы тұрған кішкентай бүлдіршіндерімізге тәрбиешілері болашақта сәтсапар тілеп, сабақтарын жақсы оқып үлгілі оқушы болуды тіледі.



***Мадине Азира***
***Даярлық топ тәрбиешісі***
***Кеңес негізгі мектебі***

# Менің қос батырым

Мен майдангер шөбересімін, бақытты баламын. Менің отбасымда әкем мен анам, ағам және бауырым, мектепте достарым бар. Биылғы Ұлы Жеңістің 78 жылдығын ауыл ішіндегі Ұлы Отан соғысының ескерткішінің алдында қуанышпен қарсы алдым. Себебі жеңіске біздің аталарымыз бен апаларымыз өз үлестерін қосқан. Соғыс, майдан деген ауыр сөздерді тек теледидардан және әкем айтқан кезде ғана білдім. Менің елімде кейбір мемлекеттер сияқты соғыс болып жатқан жоқ. Кейде көшеде медальдарын тағып жүрген аталар мен әжелерді көргенде қызыға да таң қалып қарайтыным рас. 1941-1945 жылдары КСРО деген алып елге гитлершілер бастаған неміс армиясының шабуылдағанын да өсе келе түсініп келемін. Осы соғыста қара ниетті гитлершілер жеңіліп, әділдік пен жақсылық жеңіске жеткен. Майдан, соғыс дегеннің адамдарға және жанжануарларға тигізетін қасіреті көп. Өйткені соғыста адамдарға оқ тиіп жараланады, балалар әке-анасыз жетім қалады және улы оқтар табиғатты бүлдіреді. Ұлы жеңіске менің қос бірдей атам, Бояубайұлы Теміржан және нағашы атам Смағұлұлы Қалым қатысқан.

Теміржан Бояубайұлы 1912 жылы туған. Ағасы Қапсаматпен бірге балуандықпен шұғылданғанымен, бәйгеге түспеген. Алайда, өз замандастарының арасында ерекше көзге түсіп, беделді болып жүрген. Алтай өлкесінде өзге халықтардың талай балуандарымен белдесіп, жеңіске жетіп отырған. Жастайынан Алтай өлкесінде милиция қатарында қызмет атқарған. Жауапты да қауіпті тапсырмаларды абыроймен атқарған. Ұлы Отан соғысында екі рет жараланып ақырғы рет басынан жаралы боп, елге бірнеше орден, медальдармен аға лейтенат дәрежесінде оралған. 1992 жылы қайтыс болды. Нағашы атам Смағұлұлы Қалым 1924 жылы Павлодар облысы, Лебяжі ауданы, Черное ауылында дүниеге келген. 1942 жылы Павлодар облысы, Лебяжі ауданының әскери корпусына Қызыл армия құрамына шақыртылды. Сол кезде Өзбек кеңестік социолистік республикасындағы Бұхара қаласында кіші командирлерді дайындау курсынан өтті. Әскери қызметі 580-ші танкке қарсы атқыштар полкінде өтті. Маршал Ф.Толбухиннің басшылығымен 3-ші Украина майданындағы шайқастарға қатысты. Ржевская, Украина, Молдова, Венгрия, Чехословакия, Будапешт азаттық шайқастарында Ясско-Кишинев операциясына қатысты. Ұлы Жеңісті Австрия астанасы Венада қарсы алды.

Жеңістен кейін 580-ші полк 1947 жылға дейін Болгарияда қызмет етті. 1947 жылы қызмет аяқталғаннан кейін отанға оралды. 1991 жылы өмірден өтті.

***Кеңес негізгі жалпы білім беру мектебінің 7 сынып оқушысы***
***Аспандияр Ұлан***

# Қазағымның дәстүрлері-ай!

Орнасын жүректе–нұр, көңілдеқұт, Сарқылмас дәстүрімді өнеге тұт. Ұлыстың ұлы күні қадірменді, Қош келдің! Әз, Наурызым, төріме шық! Бәріміздің көптен күткен Ұлыстың Ұлы күні аталған Наурызымыз да келіп жетті. Самарқанның көк тасын жібітіп, Жер–Ананың төсіндегі тіршілік иелеріне қайтадан жан бітіретін бұл күн біз үшін бәрінен айырықша. Қазақтың ұлттық мейрамдарының ішінде Наурыз мерекесінің үлкенкішіге берер танымы мол. Күн мен түн теңескенде «хан» деп, «қара» деп, адамдар арасындағы бөлінушілікке жол берілмейді. Наурыздың сәні- қазақтың салтдәстүрін, ырымдарын, әдетғұрыптарын дәріптеу, насихаттау. Сондай- ақ, адамдар да бір- бірімен құшақ түйістіріп, артық кеткен жерлері болса, кешірім сұрап, жан және тән тазалығына ерекше мән береді. Оның барлығы әр адамды жоғары саналылыққа, әдептілікке, өнегелікке, бауырмалдыққа, көргенділікке, ізгілік пен білімділікке баулайды. Наурыз мерекесін асыға күтетініміз, ерекше даярланатынымыз содан болса керек. Ұлттық тағам ет асылып, бауырсақ пен шелпек пісіріледі. Наурыз мерекесіне тән — көпшілікке наурыз көже даярланады, ол тағам жеті түрлі дәмнен даярлануы шарт. Халықта наурыз көжені тойып ішкен адам келесі жылға дейін ішім-жемнен тарлық көрмейді деген ұғым бар. Қазақ халқының ұлы мерекесі жөнінде түсінік бере отырып, халқымыздың салт-дәстүрін бойларына дарыту арқылы, шынайылыққа, адамгершілікке, ұлтжандылыққа тәрбиелеу мақсатында Ақсу қаласының Ыбырай Алтынсарин атындағы мектебіміздің 1 сынып оқушылары арасында Наурыз мейрамы тойланды. Сынып оқушылары қазақтың ұлттық киім үлгілерін, әндері мен билерін, салт–дәстүрлерін паш еткізді. Мереке барысында салт –дәстүрдің озық үлгілерінен сұрақтар қойылып ұтымды жауаптар алынды. « Арқан тартыс», « Аударыспақ»,« Асық», « Теңге ілу», «Бесікке салу», «Тұсау кесу» сынды түрлі ойын ойнатылды. Ізгі тілеулер тіленіп, бата берілді. Ата-аналар өте белсенді қатысып, дастархан жайылды. Осылай оқушыларымыз Наурыз мерекесін қарсы алып, мәз-мейрам болды. Бұндай жарқын мереке балаларда жағымды естеліктер қалдырғаны сөзсіз.



***1 «А» сынып ата-аналары***
***Ақсу қаласы***

Твой Мир
сенің әлемің

№№9-10
(390-391)
от 31 мая
2023 года

АРТЫҚ БОЛМАС БІЛГЕНІҢ

*Ойлау және сөйлеу*

# Сөйлер сөз ойдан басталады

***«Ойлауы мен сөйлеуі қоса жетілген адам ғана жан-жақты жетілген адам».***
***(Жүсіп Баласағұни)***

Адам баласын ерекшелейтін, оның өмір сүру бағыты мен жалпы көзқарасын анықтайтын бірнеше дейек бар. Бізді құрастырып тұрған тек сыртқы болмыс емес, ішкі әлемімізде біз туралы әлдеқайда көп ақпарат жатыр. Мән бермей, сыртымызды сәндей беретін сәттер көп. Бірақ ішкі әлем қуыс әрі бос болса, адамның негізгі құндылығы жоғала бастайды. Өйткені адамды басқа адамнан өзгешелеп, мінезі мен тәрбиесін оқшаулап көрсетіп тұратын басты фактор – адамның ойы. Не ойласаңыз, сол көзқарасты сыртқа сө құрап, сөйлеу арқылы жеткізесіз. Демек ойыңыздың тазалығы ғана емес, оның нақтылығы, дұрыс жеткізілуі өте маңызды. Ой – сөз туындатады. Ойланбай сөйлеген сөз кез келген істі қиындатады. Ойы жетілмеген адамнан дұрыс сөз шығуы екіталай. Ойды білім, тәжірибе, мінез, тәрбие құрайды. Білімсіздіктен адам қате сөйлейді, тәрбиенің дұрыс еместігінен мәдениетсіздікке жол береді, тәжірибе жоқ болса сөз де, әрекет те орынсыз, жүйесіз болады. Ал мінезде кінәрат болса, ол – тіпті адам жайлы толық мәлімет береді.

Айтар сөзді ойланып, іштей саралап барып жеткізу – білім ғана емес, адам мәдениеті мен тәрбиесінің көрінісі. Ал «мен ойымды тіке айтып үйренгенмін, бәрін бірден бетке айтамын» деген қасиет көп жағдайда адамды ыңғайсыздыққа қалдырады. Себебі көңіл деген құндылықты бұзып алуы әбден мүмкін. «Ауыр істің салмағы білекке түсер, ащы сөздің салмағы жүрекке түсер» деген дана халқымыздың мақалында үлкен мән жатыр. Ендеше айтар сөзді алдымен топшылап, пішіп, өлшеп, пайымдап алған дұрыс. «Аңдамай сөйлеген ауырмай өледінің» күйін кешпей, әр сөзді қолданудың әдебі мен орнын білген ешқашан артық етпейді.

Ой тазаланса, айтар сөз де түзеледі. Оған дәлел сіз сөйлемес бұрын айтар сөзді шамалап, ойланып алысыз немесе ойыңыз сізге белгі беріп тұрады. Ал асығыс, кәдімгі стандартты сөздермен сөйлеген күнделікті күйбең тіршілікте қолданылатын сөздер – біздің өмір сүріп, түсініп, қарым-қатынас орнатуымыз үшін ғана керек. Ол үшін ойланып жатпаймыз, бірден қалыптасқан, үйреншікті сөздерді қолданып, қажетімізді түсіндіру үшін оны сараптап та жатпаймыз...

Ал егер көпшілік алдына шығып маңызды мәселені мәлімдейінде тұрсаңыз алдын ала дайындаласыз ғой. Себебі сізден шыққан сөз – сізді сипаттайды. Қисық сөйлеп, қате ой білдіріп жатсаңыз айналадағы адамдар сіз туралы өздері қорытынды шығарып, сіздегі ойға баға беріп отырады. Сондықтан адамның білімі мен мінезі, тәрбиесі мен мәдениеті, жалпы тұтас болмысы бір-екі сөзден, іштегі ойынан-ақ байқалып тұратыны тағы бар...

Адамның сөйлеген сөзіне қарап көп дәйекті анықтауға болады. Мысалы, оның ортасын, қандай отбасынан шыққанын, білімін, тәжірибесін, тіпті адами құндылығын да сөйлеуі арқылы бағамдай аламыз. Ойы мен ниетінің көрінісін, өмірге көзқарасын, жеке қағидасы мен ішкі әлемін білу үшін айтқан әңгімесінен адам ұстанымын аңғарамыз. «Дұрыс сөйлеу» дегеніміз чол үшін де маңызды. Ойы әркез шашырап, абдырап, сөзінде жүйе болмаған адам – іске келгенде де сондай шорқақтық танытуы мүмкін. Сыртай көпшілік «екі сөздің басын құрай алмай отыр» дегенді жиі айтады. Мәселен, «оған сеніп жұмыс тапсырмаңдар, екі сөздің басын құрай алмай отыр», «сенімсіз адам сияқты, сөзі қисық», «сөзі көп екен, айтып отырған әңгімесі де жүйесіз» немесе «керісінше «шебер сөйлейді екен», «ойын жақсы жеткізді», «білімді екен, айтып отырған сөзінің жаны бар», «дәл айтты», «айтқан сөзінен ойы көрініп тұр» деген сияқты пікірлерді көп естиміз. Адамға осылай баға берілетіні өтірік емес...

Сол үшін сөйлеу, ойыңды жеткізу – өзара байланыс құралы ғана емес, ол тұтас сізді айшықтайтын негізгі фактор екенін естен шығармау керек.

*Оқы, оқы және оқы*

# Мына қателіктерге жол бермеңіз!

Мектепте оқытқан әдістерден қалған қажетсіз әдеттер өмірімізде қалыптасып кеткен. Солар жайында қысқаша айтып өтпекпіз.

***Басынан аяғына дейін оқу***

Кітап, газет-журнал, тіпті оқулықты да басынан аяғына дейін оқып шығу – міндет емес. қажетсіз ақпарттардың не керегі бар? Құры босқа күш, уақыт кетеді. Оқығанымыз пайдалы болсын десек, бұл әдеттен арылу қажет.

***Түгел түсіну***

Кітапты бастан-аяқ оқысаңыз, оқығанның бәрін түсіну керек деген нәрсе – қате. Олай жасау екінің бірінің қолынан келе бермейді. Ол міндетті де емес. бір мәтінді кейде бірнеше рет оқысаңыз да ештеңе түсінбейтін кездер болады. «Оқысам да дым түсінбеймін» деп өзіңізді жазғырудан абай болыңыз.

***Есте сақтап алу***

Кітапты басынан аяғына дейін оқып, оны бірден түсініп, мазмұнын айта алуыңыз керек дейтін түсінік тағы – қате. Мектепте мәтіннің мазмұнын айту үшін бірнеше рет оқитынбыз. «Мұғалім, бір қайталап алайыншы» деп сұранатындар да болатын. бұл қалыпты нәрсе.

***Жылдам оқыған тұлға***
**Джон Милль**
философ-утилитарист

***Бұл мырза әлемдегі ең мықты данышпандар тізімінің 90-орнында тұр. Ол кітап оқығанда бір бетті бірден көре алған.***
***Оның әкесі университетте профессор болған. Ол бала Джонға кітап беріп, ең қысқа уақытта оқып бітіруін тапсырады. Артынан екеуі кітапты талқылайды. Бұл әдісті сіз де қолдана аласыз.***



***Яғни, сізді ойыңызда жүрген тақырыптағы кітапты тез оқып шығасыз. Түсінген ақпаратты досыңызбен талқылайсыз.***

# Қарбыздың дәні де дәрі

Қарбыз 93 пайызы судан тұрады. Оның шипалы екені де бәрімізге аян. Ас батпайтын аптап ыстықта азық та, сусын да болатын қарбыздың дәнінде де шипа мол екенін көбіміз біле бермейміз.

Қарбыз дәнін ұнтақтап, шай етіп демдеп ішуге болады. Ол ішек-қарын жолдарын тазартады. Қарбыз дәні ішектерді, жалпы ағзаны зиянды паразиттерден құтқарады. Оны ұнтақтап, жылы



сүтке араластырып, бір апта таңертең және кешке ішу керек.

Дәннің құрамындағы цитрулин антиоксидант секілді қызмет етеді. Ол қан тамырларын кеңейтіп, артериялық қысымды төмендетуге көмектеседі.

Қарбыз дәні бүйрекке де өте пайдалы. Есте сақтау қабілетін де арттырады екен.

Дәнде А, В, С витаминдері, темір, магний, марганец, кальций және тағы басқа элементтер бар. Сондықтан ол жаздыгүні көп терлеп, ағзада аталған витамин, минерал мөлшері азайған адамдар үшін де керек.

Қарбыз дәнінен шай дайындаудың жолы мынадай: дәндерді күн тікелей түспейтін көлеңке жерде кептіреді. Сосын ұнтақтап, шыны ыдысқа салып қою керек. 4 ас қасық ұнтақталған қарбыз дәніне 2 литр су құйып, 15 минут қайнатыңыз. Күніне 3 рет жылы күйде 1 стаканнан ішеді. Екі күн ішіп, екі аптадан соң қайталауыңызға болады. Айтпақшы, қарбыз нитраттардан таза болғаны жақсы, осы жағын да ескере жүріңіз.

*Халық емі*

# Қан аздықта құлпынай жеңіз

Ежелде қан аздық пен жатырдан қан кету, бала тұрақтамау сынды сырқаттарда науқасқа жаңа



піскен құлпынайды шыны ыдысқа езіп берген екен. Зерттеушілер бұл әдістің қан қысымы мен семіздікке де дәру екеніне көз жеткізген. Химикатсыз піскен құлпынай жүрек қызметін жақсартып, инфаркттің алдын алады екен. Зерттеушілер құлпынайдың құрамындағы С, В5, В6 витаминдері иммунитетті көтеріп, тұмауға шалдығуды азайтады.

Жиі суықтайтын, көп жөтелетін, баспа (ангина) мазалайтын 8 жасқа дейінгі балаларға жазда құлпынайды көбірек беру керек. Ол тәбетті ашып, ағзадағы витамин жетіспеушілігінің орнын толтырады. Ас қорытуды жақсартуға да сеп, зәр айдауға көмектеседі, варикоз, тромбоз ауруларының қаупін азайтады.

Құлпынайда калий, цинк, темір, кальций, магний, қола мен фосфор, марганец пен кремний бар.

*Бетті әзірлеген*
*Бегімхан Ибрагим (КЕРІМХАНҰЛЫ)*
*Ақсу қаласының №2 ЖОББ мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*
*Павлодар облысы*
*Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі*

ГАЗЕТА ПАВЛОДАРСКОЙ ОБЛАСТНОЙ ДЕТСКО-ЮНОШЕСКОЙ ОРГАНИЗАЦИИ
Твой Мир
сенің әлемің

№№9-10
(390-391)
от 31 мая
2023 года

*Ислам және медицина*

# Оразаның пайдасы

Дұрыс тамақтану тақырыбын оразаның адам ағзасына пайдасымен өрбітсек. Оразаның пайдасы жайлы зерттеулер көптеген ғылыми жұмыстармен дәлелденді. Оразаны бір жағы емдік мақсатта ашығу деп баламаласақ, оның тарихы тереңде жатыр. Аштықпен емделудің бұл үрдісін алғашқы дәуірлерден қазбаласақ, Көне Рим мен Грек ойшылдары, Ежелгі Мысырдың дін қызметкерлері мен Вавилонның патшалары, парсылар, үнді абыздары, скандинавия түбегінің жұрты, Қытай мен Тибет тақуаларының барлығында дерлік ашығу әдісі кездеседі. Тіпті Гиппократ пен ибн Сина сынды медицина ғылымының құрылтайшыларының еңбектерінде де ашығу жайлы ғылыми трактаттар жазылған. Бұл – тарихи болжам.

Ал діни тұрғыда, әлемдік діндерде ораза деген ұғым бары бәріне белгілі. Інжіл кітабының өзінде 74 рет айтылған деседі. Тіпті батыл (ойдан шығарылған) діндердің өзінде ашығу жайлы айтылған. Фәлсафада (философия) аскетизм мен даналықтың алғышарттарына ашығу кіреді. Аштықпен емдеу сынды ғылыми әдістер XX ғасырда ғана медицина маңына жақындаған.

Ашығып емделу әдісінің тарихына зер салсақ, альтернативті (жанама) медицинамен айналысқан алғышарттардың бірі – американдық натуропат П.Брэгг. Әрине, ресми медицина мамандары ашығумен емдеу ұстанмындағы бұл кісіге үрке қараған, қарайды да. П.Брэггпен қатар Ю.С.Николаев сынды орыс ғалымдары да КСРО заманында «арылту-диеталық терапиясын» талдап, ғылыми тұрғыда оразаға балама ойлап тапқан.



«Ашыққан адамға дәрігердің де, тәжірибелі адамның да қажеті жоқ, ашыққан адам өзін-өзі басқара білуі қажет», - дейді Брэгг.

«Адамдар өздерін дұрыс тамақтанбай өлтіреді», - деп «Чудо голодания» кітабында Поль Брэгг айтпақшы, аузымыз бен асқазанымызға бір уақыт тыным берсек, ағзамыз демалып, көптеген аурулардан айығар едік.

Ресми медицина өкілдерінің қатарында ашығуға сыни көзқарас біршама қалыптасқан. Ашығумен, оразамен емдейтіндердің өздері былай дейді: «ашығуға қарсы шығатындардың көбі өмірінде ашығып та, аш қалып та көрмегендер».

Шынымен де, 2016 жылдың басты жаңалығы медицина мандарын елең еткізген оқиға ораза жайлы еді, яғни ашығудың пайдасын ғылыми дәлелдеген Токио Технологиялық университетінің жасушалы биология маманы, жапон ғалымы Ёсинори Осуми Нобель сыйлығының лауреаты атанды. Оның зерттеген тақырыбы ораза төңірегінде болған. Ғылыми жұмысының ең негізгі дәйегі «autophagy».

Аутофагия – қоқыстардан құралған жасушаның қажетсіз бөліктерін өңдеу немесе утилизация жасау. Бұл үдеріске қойылған термин екі грек сөзінен тұрады: «өзі тамақтану» немесе «»өзі қоректену» деген мағынаны білдіреді. Сонымен лауреаттың ашқан жаңалығы мынаны дәлелдейді. Ашығу, яғни ораза ұстау расында ішкі ағзаны тазалайды. Жаңалық Нобель комитетімен дәлелденген. Сөйтіп, нобель емдәмі (диета) деген атаумен диетологияға енді. Емдәм (диета) интервалдық ораза деп те аталады. Мұндай диетада аутофагия немесе жасушалардың табиғи қалпына келу процесіне (регенерация) баса назар аударылады. Бұл емдәм тағамдары калориялардың азаюын ынталандырады, дұрыс тамақтануға бағыттайды. Нәтижеде, организм өзіне қажетсіз нәрселерді. Токсиндерді, қалдықтарды, шлактарды, ақуыздарды «жей» бастайды, осылайша ағзада толықтай тазару жүреді. Ең бастысы, адам 2 сағат бойы тамақтанбауы керек, әсіресе, күндізгі уақытта, сонда ағзаға ашығудан пайдалы әсер (эффект) болады.

Ғалымдардың пікірінше, адамдардың қатерлі ісік пен альцгеймер ауруымен күрес әрекетінде де осы аутофагия қолданылуы мүмкін. Аш ағза рак клеткаларын жей бастайды. Сондай-ақ зерттеу нәтижелері бойынша мұндай диета өмірді ұзартып, науқастың әл-ауқатын жақсартатыны белгілі болды.

«Лизосома» мен «фагосома» сынды терминдер әлдеқашан қалыптасып, ғылымға еніп қойғанымен, механизмі әлі де толық емес, шала еді. Бірақ жапон ғалымы бұл процесті жиырмасыншы ғасырдың соңғы ширегінде зерттеп бастаған екен. Тоқсаншы жылдары осы механизмді нақты, көрнекі түрде әлем назарына көрсеткен.

Ал дәл осы уақыттан 14 ғасыр бұрын иісі мұсылманға құлшылық жасап, сауап жинау тұрғысынан ауыз бекіту парыз етілді. Парыз оразадан бөлек Пайғамбарымыздың сүннет оразалары бар. Соңғы жаңалықтарға зер салар болсақ, американдық мамандар айына бірнеше мәрте, ал аптасына екі рет ашығудың он әсері барын дәлелдеді. Зерттеу көрсеткендей, аптаның дүйсенбі және апта ортасы бейсенбі күндері ас-ауқаттан бас тартқан адамдар ауру-сырқау ықтималдығын едуір азайтады екен. Атап айтқанда, жүрек-қан тамырлары ауруларының белең алу қаупі 40%-ға азайса, демікпесі бар науқастарда демікпе қайталануы төмендейді.

АҚШ-тың Мюрредегі кардиология институтының ғалымдары мерзімді ораза диабетті болдырмауға көмектесетінін анықтады. Олар ораза кезінде май жасушаларындағы зиянды холестерин энергияға айналады деп тапты. 10-12 сағаттан кейін адам денесіндегі аштық альтернативті көздерден алынатын энергияны тұтына бастайды.

Ең қызығы, жан-жануарлар ауырса не ағзалары зақымданып жараланса, ашығып емделеді. Оған мысалды жыртқыш аңдар мен жабайы жанувар, хайуанаттар мен құстардан байқауға болады екен.

Француз биологі, ішкі ағзалар бойынша білікті дәрігер болған, Нобель сыйлығының лауреаты алексис Каррель өзінің «Белгісіз адам» еңбегінде: «Адамдар барлық ғасырда ораза тұтқан. Сондай-ақ барлық діндер ассудан тыйылып, ораза ұстауға шақырудан ешқашан тыйылған емес. адам ауыз бекіткенде бүйректегі қант қимылдайды, онымен бірге тері астындағы майлар да қимылдап, ериді. Ішкі ағзалар мен жүрек бір қалыпты жұмыс істеуі үшін барлық организм өзінде сақталған қордан қажетті энергия жұмсай бастайды», - деп оразаның пайдасын ғылыми тұжырыммен дәлелдеп кеткен.

*Рухани-танымдық сүрлеулер*

# Ет жайғап, кәде сүйекті білу де өнер

ДАСТАРХАН

Атаулы басты ет тағамдарына: қойдың піскен кесек құйрығы – құйрық, жүректі, бүйректі, өкпені, бауырды ұсақтап турап, күріш араластырып ішекке тығып жасалатын – әсіп; тұздалып қақталған – сүр ет; тілімделіп білеуімен кесіліп кептірілген ет – борша; қойдың бауырын жұқалап тіліп, үстіне құйрық майымен құдаларға берілетін – құйрық-бауыр; ұсақ туралы, майға қуырылған – қуырдақ, істікке түйреп, отқа қақталатын – кәуап; ет пен қамырды ұсақтап турап, сорпасымен берілетін – нарын; қойдың төс сүйегінің сыртындағы майлы етін отқа үйтіп, қақталған – төстік; миға құйқа, құйрық, бауыр, бүйрек қосып араластырылған – мипалау, терісімен үйітілген қой еті – құйқалы ет; марқа қозылардың етін қазан буына бұқтырып пісіретін – сірне (бұқпа) немесе сырбаз, жас жылқының сұрпы етін сыдырып, өз қарнына салып, жерошақтағы қызыл шоқ қоламтасына көміп, буына пісірілетін – жерқазан, семіз лақтың майлы бүйрегін омыртқаға жабысқан күйінде салып пісірілетін – жаубүйрек сияқты тағы басалар жатады.

Сорпалардан: бас-сирақ, құйқалы ет қосылып асылған еттің сорпасы – құрым сорпа; сүзбе, айран, езген құртты сорпа – ақ сорпа; жаңа сойылған мал етінің сорпасы – жас сорпа. Пияз, сарымсақ, бұрыш қосқан тұзды майлы сорпаны – тұздық дейді.

Жаңа босанғандарға омыртқасы бұзылмай асылар жас ет – қалжа. Қазақта қонақтарға тартылатын табақтардың өз атаулары бар. Олар: бас табақ, қос табақ, сый табақ, күйеу және келін табақ, жастар табағы, жай табақ болып аталады.

Бас табақ – жасы үлкендерге, аса сыйлы қонақтарға – бас, жамбас, ортан жілік, жамбастың серігі белдеме, сүбе қабырға, жылқының – қазысы, қартасы, жалы мен жаясы тартылады.

Қос табақ – құда, құдағиларға тартылатын арнаулы табақ. Бұған салынатындар бас табақпен парапар. Қос табақ – құда-құдағилардың қонағасының үстіне, тоқпан жілікті қосып қосымша әкелетін табағы.

Сый табақ – ерекше сый-құрметке лайық адамдарға тартылатын қосалқы табақ.

Бас табақ, қос табақ, сый табақтарға жауырын, тоқпан жілік сияқты кәдесіз жіліктерді араластырмайды.

Жай табақ – ортан жілік пен жауырын, тоқпан жілік, қабырға, омыртқа салынатын табақ.

Жастар табағы – асықты жілік пен төс салынар табақ. Асықты жілік жасына қарай бірі алса, төс күйеу жігітке арналған сый.

Қыз табаққа – тоқпан жілік, бел омыртқа, құйрық, қабырға; бала табаққа – бел омыртқа, қабырға, бүйрек, бақай, асықты жілік салады.

Еттің табаққа арнайы жасалатын түрі – жаубүйрек. Бұл лақтың етінен жасалар табақ. Тамыз айы басталған соң, көбіне қазақтарда лақ сояды. Бұл күнделікті тамақ ретінде ұсынылады. Өйткені лақ еті жеңіл және майы қатпайтын қоңыр күзге дейін тәуір саналады.

Жаубүйрек – лақтың бүйрек майын сылымай, омыртқаға жабысып тұрған қалпында, опырмай бөліп алып пісіріледі. Жаубүйрек ол – майбүйрек. Жау деген көне түркі тілінде, балқар, қарашай тілдерінде де май екен. Содан да



майбүйрек жаубүйрек аталып кеткен.

Әдетте, табақ тартылғанда алғаш дастарқанға бас әкелінеді. Қойдың басын әкеліп қоярда маңдайынан тұмсығына қарай кеңсіріктің үстіне тіліп, көлденең кескілеп, «төрт құбылаң тең болсын, маңдайың ашық болсын» деген ізгі тілекпен қасқалап, бір құлағын кесіп алып, тұмсығын алға беріп әкелген дұрыс.

*баспаға әзірлеген*
*Бегімхан Ибрагим (КЕРІМХАНҰЛЫ)*
*Ақсу қаласының Абай атындағы №2 ЖОББ мектептің қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімі*
*Павлодар облысы*
*Қазақстан Журналистер Одағының мүшесі*

Твой Мир
сенің әлемің
Газета Павлодарской областной детско-юношеской организации
№№9-10
(390-391)
от 31 мая
2023 года

АТБЕГІЛІК АРНАЛАРЫ

# Көкпар атының сыны мен бабы

***Көкпардың атын баптау***

**Көкпардың атын баптаудың шарттары**

***Көкпардың атын баптау өте күрделі. Екінің бірінің қолынан келе бермейді. Көкпардың атын баптайтын мезгілді: жазғы шілде және қысқы шілдеге бөледі.***

***Жазғы шілде: 25 шілдеден бастап 5 тамызға дейінгі аралық.***

***Қысқы шілде: 25 желтоқсаннан 5 ақпанға дейін созылады.***

- Осы уақытта жылқыға екі мезгіл жем-шөп беріп бордақылайды.
- Яғни, шілдеге қойған атты қырық күн мінбей, семіртеді. Бір ай бойы оған арпа-бидай береді.
- Алғашқы күннен бастап жемнің мөлшерін жылқының жегеніне байланысты бірте-бірте көбейтіп, кейін керісінше азайтады.
- Аттың жаңбырлығы (сан сызығы) жабылып, жалы құлаққа жете қабыл болғанда жілік майы толды деп есептеледі.
- Ат әбден қонданып, жілік майы толғаннан кейін далаға шығарып аунатып, мінбей жүргізеді.
- Бұдан кейін атты суытып, іш майын қатырады. Жылқы семіз болса, күші көп болады. Күшті атқа мінген көкпаршы тартыста серкені оңай іліп әкетеді.
- Жаратуы кем немесе суымаған семіз атты бірден сайысқа қосуға болмайды.
- Жылқының етін күн ыстықта түсіру керек.
- Байланған атты қозғауға болмайды, жем-су тасып беріледі.
- Күндіз салқын сияда, түнде ашық далада байланады.
- Күн ыстықта жұқа жабу жапқан жөн.
- Екі мезгіл: таңертең, кешке суарып, жер ауыстырып аунатып отырады.
- Жілік майы толған атты, яғни, үш-төрт елі қазы жиғанда таң асыру басталады. Бұл кезде құрғақ шөп пен арпа беріледі.
- Кейбір жылқыларды семіздігіне байланысты қаңтаруы таңғы және кешкі мезгілге көшіріледі.
- Кешкі жемнен кейін атқа ешқандай шөп бермей зере қазыққа құр тақырға таң атқанша байлап қояды.
- Аттың дене тұрқына орай зере қазықтың биіктігі 1,5-2 метр шамасында болады. Мойын кертпеш жасалады. Бұл аттың айналып тұруына мүмкіндік береді. Мұның басқа да түрлері болуы мүмкін.
- Қырық күн келте байланып, қаңтарылады. Содан соң аздап ұзартуға болады.
- Шілдеге байланған атты аунатып-кунатқанда сақ болған жөн. Аунап-құнағанда қазысы жыртылып кету қаупі бар.
- Бапталған атқа көкпардан бір апта бұрын ер салып, арқасын үйретеді.
- Байланған атты аяңдатып бір апта бұрын ер салып, арқасын үйретеді.

**Көкпар атын жемдеу.**

Көкпар атына таза сұлы, бидай немесе арпа береді. Тұнық сумен суарып, жасыл жоңышқаның көгін жегізеді. Қысы-жазы жабулап ұстайды. Сиыр су ішкен ыдыспен ат суармайды. Атты тұрған жерінде зәр сындыртпайды, тезек тастатпайды. Етін қатырады, қазысын ортайтады, күніне бірнеше дүркін мініп-түсіп бұлшық еттерін ширатады. Осы қағида сақталмаса, аттың бабы келмейді.

- Жем бергенде арпа пайдалы. Ол қазының ішкі жел майын кетіреді. Шелі кеткен соң барып жылқы іш май жинайды.
- Ат байланған кезде жемшөптен, судан тартпайды. Мысалы, күніне 2-3 келі жем берсе, ертеңінде жемді бір келіге дейін молайтады.
- Ат семіру кезінде жемнің күндік нормасын (кейде 2 пұтқа дейін) арттырады.
- Ат толық семіріп жемнен бас тартқанда, күндік норманы бір-екі келі кемітеді.
- Арпаны шала қайнатып, сонан соң қуырып беру өте тиімді.
- Атты суытқан кезде бидай беруге болмайды.
- Аттың тамағы жақсы қорытылп, бойына тез сіңуі үшін 10 литр көк шайды суытып береді.
- Суыған көк шай аттың қуатын қалпына келтіруге, тәбетін ашуға пайдалы.
- Мамыр, қазан айлары арасында байланған аты байладан шығарарда алғашқы үш күн жем бермейді. Бұл – ішіндегі ласын тастату үшін қажет.
- Еті жұқарып арыған жылқыға 7 келіге дейін жем беруге болады.
- Жемге сәбіз, жұмыртқа қосып беру өте пайдалы.

Көкпар атын суыту.

Көкпар атын суыту өте күрделі. Атты жай аяңдатып, желе жортып, бусантып, терлетіп алып суытады. Суытқанда таң асыру, қаңтару әдістерін көп қолданады.

- Бір көкпарда үш рет шапқан атты 4 сағаттан соң жемсу беріп, ыстық-суығын басу үшін суыту керек. Осыны жасамаса аттың аяғына қан түседі.
- Шілдеге байланған аты суыту үшін алғашқы аптада күніне 4 сағ қантарып қояды. Одан кейін бір сағат шөпке байлайды.
- Он күн өткен соң мінуді бастайды. Қырық күн шілдеде тұрған мал ширығады, онымен бірден шауып кетуге болмайды. Өйткені, оқыс қозғалыстан жылқының қазысы жыртылып кетеді. Ол қайта орнына келмейді. Үш күннің ішінде ширығуы басталады.
- Одан кейін күніне 10-15 шақырым жүріп суытасыз. Бір айдың ішінде ат көкпарға дайын болады.
- Көкпарға баптаған жылқының қазысын қатайту үшін суық суға жүгізеді. Қазысы қатқан жылқы шаршамайды.

Бабы келген жылқы көкпарға салғанда белгілі болады. Ол үшін баптаған жылқыны бір-екі қол (салымға екі-үш рет кіріп шығу) алған соң шығарып байқайсыз. Нағыз бабы келген көкпардың аты доғаға тағы кіргісі кеп, жұлқынып сұранады. Міне, бұл нағыз бабы қанған жылқының белгісі.

*Жады-нама*

# Есте сақтау қабілетімен танылған тұлғалар

***Болмасаң да ұқсап бақ***

Есте сақтау – табиғи процесс. Ол болмаса, өміріміздің дым қызығы болмас еді, тіпті өмір сүре алмас едік. Қайдан келдік, қазір қайдамыз, қайда бара жатырмыз деп еске түсіре алмай, жарты жолда қалар едік. Ата-анамызды танымай, мектепке барған, мектеп бітірген сәттерді еске түсіре алмай, достарымыз болмас еді. Қысқаша айтқанда, есте сақтау – өте үлкен нығмет. Дәл сол секілді ұмыту да адам үшін таптырмас қажеттілік. Қайғыны, пайдасыз ақпаратты ұмыту бізге ауадай қажет.

Адамның жаңа білім алуына, бойға сіңіруіне көп нәрсе әсер етеді. Мысалы, мектеп, мұғалім, сынып, кітап, ата-ана, достары, қоршаған ортасы, сабаққа дайындалатын бөлмесі, қабырғаның түсі, мемлекеттің саясаты, мотивациясы, т.б. Осының ішінде ең көп әсер ететіні – сенімділік. Білімді алатынына, үйренетініне сенімді болмасаң, бойға қонбайды. Бұны ҰБТ-ға дайындалған оқушылардан жақсы байқай аласың. ҰБТ-дан жоғары балл жинайтынына сенімді оқушылар жақсы дайындалады, ылғи мотивациямен жүреді, көп еңбектенеді. Нәтижесінде ойындағыдай балл жинап шығады.

Есте сақтау қабілетін күшейтуге, әдістерін үйренуге сенің сенімділігіңді арттыру үшін танымал тұлғалардан мысал келтірейік. Олардың ішінде қарапайым азаматтардан ел басқарушы тұлғаларға дейін бар.

***Әскердің түгел есімін білген***

Македонский, Наполеон, Цезарь – үшеуіне ортақ нәрсе – барлық жауынгерінің түрін таныған. Енді бірі есімдерін білген. Ал әскердің саны кемінде 20-30 мыңнан асқаны белгілі. Тіпті қайсысы алқаш, қайсысы батыр, қайсысы қорқақ екеніне дейін білген. Әсіресе, Наполеон картаны, әскердің орналасуын ұмытпайтын болған.

***Шекспирді жатқа білген***

Уинстон Черчилль Шекспирдің барлық еңбектерін жатқа білген. Дәл сол секілді Рейған, Рузвельттер де есте сақтау қабілетімен көпшілікті таңғалдырған. Күніне бірнеше кітап оқып, көпшілік алдына шыққанда ешқандай қағазға қарамай, шешен сөйлейтін болған.

***Музыканы есте сақтап ұрлаған***

Моцарт үш жасында әкесі мен әпкесі ойнаған музыкалық шығармаларды есінде сақтап, қайталап ойнаған. Он төрт жасында Сикстин капелласында ғажайып хорды естиді. Бұл шығарма өте құпия сақталған, басқа еш жерде ойналмайтын еді. Ал Моцарт үйге барып, жадында сақталған хорды толығымен жазып шығады.

(жалғасы бар)

*Атбегілік арналары*

# Саят атының сыны мен бабы

